



Қазақстандағы психология ғылымының қалыптасуы



Орындаған: Қылышбек Жанна

Қабылдаған: Мырқасымова Мадина

Мазмұны

КІРІСПЕ

1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

1.Қазақ өркениетінің сан ғасырлық психологиялық ой –түйіндері

1.2. Көшпенді өмір тіршілігіндегі қазақ психологиясы

2.Қазақ қоғамының психологиясының дамуындағы мақал –
мәтелдің рөлі

2. ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛУЫ

2.1. XX ғ. 50-90 жылдарындағы Қазақстандағы психологиялық
публикациялар

2.2. 20 ғасырдың 50-90жылдардағы Қазақстандағы психологиялық
оқулықтар және оқу құралдары

2.3. Психологияның ғылыми басылымы

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

XX ғасырдың соңғы жылдарында және тәуелсіздік жарияланғаннан кейін ұлттық психология ғылымы ерекше серпіліске ие болды. Қазақстанда психология ғылымының әр түрлі салаларында зерттеу жұмыстары жан -жақты жүргізіліп, қазақ психологиясының өзіндік даму тенденциясы қалыптаса бастады. Бұл үрдістің сипатын психология ғылымдарының докторлары – профессорлар С.Жақыпов, Ж.Намазбаева, Х.Шерьязданова, Б.Хамзин, С.Бердібаева, О.Саңғылбаев, А.Ақжанова, Б.Әмірова, А.Ерментаева, Н.Тоқсанбаева, т.б. ғалымдардың өздерінің және олардың жетекшілігімен қорғалған жүздеген кандидаттық диссертациялардан көруге болады. Осы және аты аталмай қалған көптеген ғалымдар мен мамандардың қаламынан төл тілімізде оқу құралдары мен оқулықтар, библиографиялық көрсеткіштер мен сөздіктер, әдістемелік басылымдар және монографиялар жарық көрді.



1.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

1.Қазақ өркениетінің сан ғасырлық психологиялық ой – түйіндері

Қалың бұқараның қамы үшін қажет ілім-білімдер сан алуан. Солардың бірі, тіпті, бірегейі – жан туралы ғылым – психология десек қателеспеспіз. Оның түп-төркіні мен ілкі бастауы – әрідегі сақ, ғұндарды айтпағанда, берідегі Орхон-Енисей түркі тас жазуларынан басталады. Қазақтардың: «Қай жерің ауырса, жаның сол жерінде», дегені көп нәрсені аңғартады. Бұл көк түріктердің мұрагері – қазақ халқының тәлім-тәрбиелік, психологиялық-педагогикалық мұрасының аса бай екенін көрсетеді.



Дала психологиясы тұрғысынан қарағанда ерекше атап өтерлік жайт – бұл қазақ хандарының жан ілімінен жақсы хабардар болғандығы. Мәселен, Жәнібек ханда, қазіргі сөзбен айтқанда, психогигиеналық, психопрофилактикалық ұстанымдар байқалады. Ол, «жеті атаға толмай қыз алмауға, адамдардың бір бірімен сүйіспеуіне, жат төсекке, зинақорлыққа бармауға және кез келген үйде тазалықтың сақталуына пәрмен беріп үкім шығарады.



1.2. Көшпенді өмір тіршілігіндегі қазақ психологиясы

Көшпенді өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетіліп, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өсті. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ қияндағыны шалатын болды. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбен тіршілікпен жүрсе де жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің өлеңі мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұтымды мақал мен мәтелді, ертеке пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды.



1.3. Қазақ қоғамының психологиясының дамуындағы мақал –мәтелдің рөлі

Бүкіл халық ұстанатын тәліми нормаларды адамның жан дүниесіне орайластыра баяндайтын колданбалы мәні зор психология ғылымының бір саласы халықтық психология деп аталады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық таным, еңбек, дене тәрбиесі, т.б. нормалар мен принциптер, яғни халықтың жан-дүниесі, өзіндік мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология психика мен мінез-құлықтың қанға «сіңген», тез өзгеріп не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің желісі.



2. ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛУЫ

2.1. XX ғ. 50-90 жылдарындағы Қазақстандағы психологиялық публикациялар.

1967 жылы доцент М.Мұқанов басқарды. М.Мұқанов екі тілді қазақ, орыс негізгі психологиялық зерттеу жұмыстарын жақсы атқарды.

1965-1967 жылдары алматыда екі ғылыми конференция ұйымдастырылды. Ол психологиялық мәселелерді бағдарламалар арқылы оқыту болып табылды. Оқытушылар бірінші барлық конференцияны Мәскеудегі оқытуымен жұмыс жасады.

60-80 жылдары мәселемен кафедра зерттеу жасады. Әр түрлі Қазақ этносының жетілуінің еркшелінің психлогиясы зерттелді.

1980ж М.Муқанов АНССР психолгиясы НИИ «Исследование расудков история этнического аспекта» тақырыбында факторлық дисертация қорғады.



2.2. 20 ғасырдың 50-90жылдардағы Қазақстандағы психологиялық оқулықтар және оқу құралдары

Қазақстандағы ғылыми психологияның құрылуын және дамуын қорытындылайтын болсақ бізге жалпы өзіміздің республикада психология оқу құралдары, ерекшелеп айтар болсақ мемлекеттік тілде шығарылған психология оқу құралы жайлы пікірді айтуымыз қажет. Негізінен кітап өнімі қай ғылымның болмасын даму дәрежесін мінездейді. Басылымдық істе халықтың өмір дәрежесін, ғылыми мәдениетінің дамуын бейнелейді. Қазақстан әртүрлі уақыт мерзімінде шығарылған психология оқулықтарын қорытындыламас бұрын, Батыстың, Ресейдің психологиялық оқулықтарының даму тарихына қысқаша тоқталамыз. Дәл осы тәжірибе Қазақстан Республикасының орта және жоғарғы оқу орындарына лайық ұлттық психология оқулықтарын шығару қажет болды.



2.3. Психологияның ғылыми басылымы

Қазақстандық оқулықтардың қортындысынан кейін, соңғы 50 жылдағы басылымдар жайлы біраз айта кетсек (XXIғ.50ж. соңынан бастап). Бұл жерде профессор Т.Т. Тәжібаевтің «К.Д.Ушинскидің Психология және педогогикалық психологиясы»(Алматы 1948ж. 204б.) кітабы туралы айта кеткен жөн. Бұл Қазақстандағы ең алғашқы үлкен зерттеу болып табылады. Кітап қортындыны санамағанда 4 үлкен бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім автор үшін үлкен жауапты қажет етеді. Ушинскидің «Педогогикалық антраполологияның ерекшеліктерін» зерттеді.



ҚОРЫТЫНДЫ

Осы аталған мәселелерді шешуге әртүрлі мамандық өкілдерінің белсенді араласуы қажет. Бір сөзбен айтқанда, халқымыздың психологиялық сауаттылығын арттыру мен психологиялық мәдениетін көтеру үшін Қазақ психологиялық қоғамының құрылуы өмір талабынан туындаған қажеттілік екені шындық.

Қазақ психологиялық қоғамының негізгі мақсаты – республика халқына психологиялық ілімбілімдерді насихаттау, елімізде психологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету екендігі баса айтылып келеді.

Мәңгілік Елде жайсаң жандар өссін десек төмендегі психологияның теориялық және қолданбалы проблемалары ерекше назар аударуды қажет болып тұр. Қазақ елінде әлі күнге дейін шешімін таппай отырған психологиялық мәселелер баршылық.



*Назарларыңызға
РАҚМЕТ!!!*